

#16

(952)

23 маусым

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

Ж О Л А П А Т Ы ЖАЛМАП БАРАДЫ

АПАТ ҚҰРБАНДАРЫ (16-20 МАУСЫМ)




ЖАҢАӨЗЕН-
КЕНДІРЛІ –


10 (5 бала)



КӨКШЕТАУ-ОМБЫ
ТАС ЖОЛЫ – **5**



АТЫРАУ-АҚТӨБЕ –
6 (4 бала)



АЛМАТЫ-
КӨКПЕК-
КӨКТАЛ – **2**



ТАЛДЫҚОРҒАН-
ҮШТӨБЕ – **2**



АЛМАТЫ-
ЕКАТЕРИНБУРГ – **6**

✓ BRENT \$75.9

✓ USD 446,5 T

✓ EUR 488,5 T

✓ RUB 5,23 T

СЕРІКТЕСТІК

«БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН МЕН ГЕРМАНИЯ АРАСЫНДА ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАС ОРНАҒАНЫНА 31 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ОСЫ УАҚЫТ ІШІНДЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ САЯСИ ДИАЛОГ ҚАЛЫПТАСТЫ. ӨЗАРА ТИІМДІ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА». ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОСЫ АПТАДА ҚАЗАҚСТАНҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛГЕН ГЕРМАНИЯНЫҢ ФЕДЕРАЛДЫ ПРЕЗИДЕНТІ ФРАНК-ВАЛЬТЕР ШТАЙНМАЙЕРМЕН КЕЛІССӨЗ БАРЫСЫНДА ОСЫЛАЙ ДЕДІ.



ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ, БАЙЛАНЫС БЕКИДІ

ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒЫТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

«Серіктестікті жандандыру үшін әлеуетіміз мол екенін атап өткім келеді. Атап айтқанда, Маңғыстаудағы жасыл сутегін өндіруге арналған бірлескен жобаның маңызы зор. Немістің озық технологиясы мен тәжірибесі негізінде кәсіби мамандар дайындау қажет. Осы ретте Ақтауда Қазақ-неміс инжиниринг институты ашылады. Бұл жобалар екі елдің студенттері мен мамандары арасында тәжірибе алмасуға жол ашады. Экономиканы, өндіріс саласын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Германия экономикасын энергиямен және қажетті шикізатпен тұрақты қамтамасыз ете алады. Бұл қазіргі күрделі геосаяси және геозэкономикалық кезеңде

аса маңызды. Германия тарапының өтініші бойынша Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауытына Қазақстан мұнайын жөнелту – соның нақты мысалы. Жоспарланған шараларды тиімді жүзеге асыру үшін Штайнмайер мырзамен талқыланған бірнеше мәселені шешу қажет. Соның бірі – көлік-логистика байланысын күшейту. Бүгінде «Орта дәліз» деп аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызы артып келеді. Біз мұны кездесу барысында ерекше атап өттік. Орта дәліздің негізгі бөлігі Маңғыстау облысы арқылы өтеді. Штайнмайер мырза Батыс елдері басшыларының ішінде осы өңірге бірінші болып барғалы отыр. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту қажеттігіне баса назар аудардық. Бұл саланың келешегі зор. Қазір Еуропа Одағында «Global Gateway» стратегиясы жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында қолға алынған бастамаларға Қазақстан жобаларын енгізу мәселесін талқыладық».

**Президент
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ**

Президенттер қазақ-герман стратегиялық серіктестігінің жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. Саяси диалогты нығайтуға, сауда, экономика, инвестиция, энергетика, көлік және логистика салаларындағы ынтымақтастықты тереңдетуге ерекше назар аударылды. Кездесу барысында тараптар Транскаспий халықаралық көлік бағыты аясында өзара іс-әрекеттерді күшейтуге баса мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай – Еуропа бағдары бойынша құрлық жолымен тасымалданатын жүктің 80 пайызы Қазақстан арқылы өтетінін айтып, еліміздің өңірлік хабқа айнала бастағанына айрықша назар аударды. Мемлекет басшысының пікірінше, Шығыс пен Батыс нарықтарын жалғайтын бұл көлік-логистикалық дәліздің стратегиялық маңызы зор. Былтыр осы бағдар арқылы 1,7 миллион тоннаға жуық жүк тасымалданған. Бұл 2021 жылғы көрсеткіштен екі есе көп.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары ауыл шаруашылығы, баламалы энергия көздері салаларындағы, арнайы экономикалық аймақтар мен қаржы институттары аясындағы ынтымақтастықтың перспективаларын қарастырды.

БИЫЛ ЕЛІМІЗДІҢ САЛЫҚ САЛАСЫНДА ЖАҒАЛЫҚ КӨП. 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІ МЕН КУРЬЕР САЛЫҚ ТӨЛЕЙДІ. ОНЫҢ ӨЗІНДЕ ДЕ КӨП ЕМЕС, ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ТАБЫСТЫҢ 1 ПАЙЫЗЫН ҒАНА. ӘРІ БАСТАПҚЫДА ПИЛОТТЫҚ ЖОБАҒА НИЕТ БІЛДІРГЕНДЕР ҒАНА ҚОСЫЛАДЫ.

Бұйырса, блогерлер де әлеуметтік желіде жариялаған жарнама үшін салық төлеуге міндеттеледі. Таяуда Мәжіліс қабырғасында осындай заң мақұлданды. Сенат бекітіп, Президент қол қойса, блогер атаулы жарнамасын таңбалауы тиіс. Фейк ақпарат таратса және салықтан жалтарса, жауапкершілікке тартылады.

Блогерге салық төлету туралы мәселе бұрын талай рет айтылғанымен (өзіміз де жазғанбыз) ешкім қозғалмай қойған. Не түрткі болды дейсіз ғой? Сәуір айында Ресейде «марафон патшайымы» атанған Елена Блиновскаяның 900 млн рубль (4,9 млрд теңге) салық төлемегені үшін ұсталғаны! Осыдан кейін барып бізде сең қозғалды. Мамыр айының соңында Мәжілісте онлайн-платформа мен онлайн-жарнама туралы заң жобасын қарай бастады.

Әрине, заң қабылданған күннің өзінде қаптаған блогерді қадағалау оңайға соқпайды. Дегенмен олар да бұрынғыдай тайраңдай алмайды, яғни заң белгілі бір дәрежеде тежегіш қызметін атқарады.

Тағы бір жаңалық – ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин жеке яхтасы мен ұшағы бар қалталы азаматтарға көлік салығын арттыруды ұсынды. Меншігінде ұшақ пен яхтасы бар бай-бағлан осы кезге дейін мардымсыз салық төлеп келген екен. Вице-министрдің сөзінше, бір нысан үшін төленген сома шамамен

13 мың теңге көлемінде. Енді жеке меншік иелігіндегі яхта мен ұшақ салығын ұлғайтпақшы.

Міне, салық саласында осындай өзгерістер болып жатқанда, кей әнші салық төлегісі келмейтінін ашық айтады. Өткенде ептеп атағы шыға бастаған біреуіне: «Әрбір той

де, табыс таппадым деп бюджетке бір тиын төлемеуді жөн көрді. Тойдан қолы тимейтін әншінің ақша таппағанына итім сене ме, әрі кімнің «таксасы» қандай екені жалпақ жұртқа тарап жатса?

Шоу-бизнестің жарық жұлдыздарының ортақ сылтауы:

ӘНШІ НЕГЕ САЛЫҚ ТӨЛЕГІСІ КЕЛМЕЙДІ?



мен концерттен түскен қаражаттың он пайызын мемлекетке салық ретінде беріп отыруы керек болса, не істейсіз?» деген сауал қойылды. «Не үшін беруім керек? Жаңағы ақша кімге кетеді? Бюджеттің ақшасы мемлекетке кетеді. Мені әнші қылып отырған мемлекет емес. Бұл дұрыс бастама емес. Әншілік деген жалпы бір мамандық немесе арнайы бір жұмыс та емес. Әнші болғым келді, қолдайтын жан табылды. Мемлекетке не үшін беруім керек?» – деп жауап берді әлгі әнші. Шамасы, жас әнші алдыңғы буыннан үлгі алса керек. Өйткені осыдан 7-8 жыл бұрын салық мекемесі әртістер қауымын қысып бергенде, олар да «не үшін» деген сауалды кесе-көлденең тартқан. Көбі ИП (жеке кәсіпкер) ашып, тіркелсе

«Мемлекет бізге жағдай жасамайды, біздің атағымызды шығаруға септеспейді, концерт өткізуге көмектеспейді, клип түсіруге қаржы бермейді, телеарна мен радиодан тегін шырқатпайды» дегенге саяды.

Өзі сол мемлекетте тұрып жатқанын, оның аумағындағы игіліктерді пайдаланатынын, әрине, есепке алмайды.

Кез келген мемлекетте салықты министрден бастап еден жуушыға дейін төлейді. Бірақ еден жуушы «мен не үшін салық төлеймін» деп айтпайды. Сол сияқты мұғалім де, дәрігер де, басқа да. Тойға барып фонограммамен ән айтатын әншілер ғана ренжиді.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ, ӨНДІРІСТЕН АУАҒА ТАРАЙТЫН ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТЫҢ КӨБЕЮІ, ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ АДАМЗАТ АЛДЫНА БАЛАМАЛЫ ҚУАТ КӨЗДЕРІН ИГЕРУ МІНДЕТІН ҚОЙДЫ. 1989 ЖЫЛЫ АЛҒАШ РЕТ АЙТЫЛҒАН «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА КӨШУ ЖОСПАРЫ» БҮГІНДЕ БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР ҮШІН ӨЗЕКТІ ДЕ ӨМІРШЕҢ МӘСЕЛЕ. БҰҒАН ҚАЗАҚСТАН ДА АЙРЫҚША МӘН БЕРІП КЕЛЕДІ. БІРЕР ЖЫЛ БҰРЫН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КӨМІР ДӘУІРІ КЕЛМЕСКЕ КЕТІП БАРА ЖАТҚАНЫН ЕСКЕРТІП, БАЛАМАЛЫ ҚУАТ КӨЗДЕРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҮКІМЕТКЕ НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРГЕН. ОСЫЛАЙША, ЗАМАНУИ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ, ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫНЫ ТАЛАП ЕТЕТІН ЖОБАЛАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҺӘМ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТЫҢ БІРІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ.

Заман талабынан туындаған тиімді көзқарас өз жемісін беруде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен айда Қытайға жасаған сапары аясында State Power Investment Corporation компаниясының басшысы Сияң

КҮН МЕН ЖЕЛДЕН ҚУАТ АЛҒАН

саласындағы ынтымақтастық, жаңғыртпалы қуат көзі (ЖЭК) бойынша жобаларды іске асыру жайы да сөз болды.

Қуаты дәл осындай жел электр стансасы осы облыстағы Мойынқұм ауданында да салынады. Инвестор – француздың «Total Eren» компаниясы. Мемлекет басшысының Францияға жасаған сапары кезінде құны 1,9 млрд долларды құрайтын осы жоба қатысты келісімге қол қойылған еді. Айта кеткен жөн, Жамбыл



Фото: Pexels

Жимиңмен кездесті. Қытай компаниясы Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт болатын ірі жел электр стансасын салғысы келеді. Бұған

қоса, инвестор елімізде жел электр стансасына қажет құрал-жабдық жасау жөнінде ниет білдірді. Жүздесуде «жасыл сутегі» өндірісі

өңірінің табиғаты мен ауа-райы ЖЭК өндіруге аса қолайлы. Мұнда үзілмейтін жел екпініне қоса, күн инсоляциясы (шуақты күн райы)



Фото: reuter.com

көрсеткіші 1500-1600 кВт-сағатқа тең. Бұл Еуропаның көптеген елдеріндегі деңгейден жоғары. Бизнес жүргізуге де қолайлы. Облыс әкімдігі энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Құдайберген Қорғанбаевтың БАҚ-қа берген дерегіне жүгінсек, ЖЭК өндіретін жалпы қуаты 437,8 МВт-қа пара-пар 18 электр стансасы жұмыс істейді. Бұлардың ішінде судың үлесі 24,4 МВт, жел – 162,15 МВт, ал 251,25 МВт күн энергиясына тиесілі.

«Жасыл сутегі» бойынша іргелі зерттеу жүргізген білікті ғалым Қайрат Көтербековтің пікірінше, еліміздің күнгейі мен батыс аймақтары жаңғыртпалы қуат көзін игеруде әлеуеті мол. Қолға алынған жобалар да осы тұжырымды растайды. Мәселен, Түркістан облысына қарасты Шәуілдір ауылы маңындағы 100 гектар аумақта қуаты 50 МВт-қа жететін күн электр стансасы салынып жатыр. Құрылыс аяқталғанда ұзындығы

8 шақырым болатын 100 мыңнан астам фотоэлектрлі тақта (панель) кәдімгі күн сәулесін электр қуатына айналдырады. Ені компаниясы аталған жобаға жергілікті Arm Wind жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тартты. Мұндағы инвестиция мөлшері – 12 млрд теңге.

Итальяндық алпауыт қомақты инвестиция құйып, басқа да ЖЭК стансаларын салып жатыр. Ақтөбе облысында компанияның қатысуымен жалпы қуаты МВт болатын «Бадамша-1» және «Бадамша-2» жел электр стансалары пайдалануға берілді. Әрбірі 13 жел турбинасы генераторынан тұратын стансалар 198 ГВт/с электр энергиясын өндіріп, жылына 172 мың тонна көмірқышқыл газының ауаға таралуына жол бермейді.

Осы айда жасыл энергия жүйесінде тағы бір ерекше жоба дүниеге келді. Астана халықаралық форумында Президенттің қатысуымен Ені компаниясы мен «ҚазМұнайГаз»

арасында Жаңаөзен қаласында гибридік электр стансасын салуды көздейтін келісімге қол қойылды. Қазақстандағы тұңғыш жоба қуаты 50 МВт болатын күн, жел (77 МВт) және газ (120 МВт) электр стансаларын салуды көздейді. Гибридік сипаты мынада: күн немесе жел қуаты жеткіліксіз болған жағдайда өндіріс ошағы газдың есебінен жұмысын тоқтатпайды.

Статистикаға сүйенсек, отандық жаңғыртпалы энергия өндірісі былтыр 2,4 МВт-қа артты. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 18,8 пайызға өсті деген сөз. Меже – 2050 жылға қарай ЖЭК үлесін 50 пайызға жеткізу. Еліміз осылайша жаңа технологияны пайдаланып, энергетикалық қауіпсіздіктің сенімді кепілі болып саналатын жасыл энергияны игеру бағытында қарышты қадам жасап жатыр.

**КӨКТЕН ТҮСІП, КІСІ БОЛҒАН ЕШКІМ ЖОҚ. ПЕНДЕ
БАЛАСЫ АЛДЫНА МАҚСАТ ҚОЯР БОЛСА, ОҒАН ЖЕТУ
ЖОЛЫНДА ӨЗІНШЕ ҚАРАКЕТІН ЖАСАЙТЫНЫ ДА
ДӘЛЕЛ ҚАЖЕТ ЕТПЕЙДІ. КӨППЕН БІРГЕ АДАСҚАН
ДА БОЛАРМЫЗ-АУ, БІРАҚ АСА БІР АСЫП ТУҒАН
БОЛМАСАҢ, ЖАЛҒЫЗ ЖҮРІП ЖОЛ ТАППАЙТЫНЫҢ
ХАҚ. СОЛ ЖОЛДА САҒАН ЖАҚСЫЛАР ЖАРЫҒЫН
ТҮСІРІП, ТІЛЕУЛЕС БОЛМАСА, БӘРІ БЕКЕР,
ӘРИНЕ. ОСЫ БІР ОЙ ЖОСЫҒЫ КЕЙІНГІ КҮНДЕРІ
МАКСИМАЛИСТЕУ, ЕССІЗДЕУ КҮНІМІЗДЕ БОС СӨЗ
ҚУЫП, БОШАЛАП КЕТПЕУДЕН ҚҰТҚАРЫП, ДЕМЕУ
БОЛҒАН, ЕШ «БРАТ, СВАТЫ» ЖОҚ АЯУЛЫ АҒАЛАРЫМ
ЕСКЕ ТҮСКЕН САЙЫН САН ТҮРЛІ КҮЙ КЕШТІРЕДІ.**

ТАРИХПЕН ТӘРБИЕЛЕУ

О қырман есінде болса,
соңғы жылдар мұғдарында
«Ана тілінде» аса көрнекті
қаламгер Жанболат аға Аупбаев



Фото: kaznu.kz

екеуміз бес сұхбат жүргіздік. Сол сұхбат барысында баспасөздегі, басқа саладағы тұлғалар, жалпы еңбегіңді бағалап, қадіріңді білген, кеудесінде шыбыны барлардың көзін ашып, тап басып таныған, «екінші университет» болған ұстаздар, ағалар жөнінде аз айтқан жоқпыз. Осы сұхбаттан соң туған бұл баянның тұрқы басқа. Өз өмірімде зор ықпалы болған, үлгі тұтқан тұлғалар

Осы бір «шаш ал десе, бас алатын» жаралы күндерде қолдан келер басқа дәрмені болмаған соң ағамыз бар наласын ақ қағазға төкті.

*Желтоқсанның ызғары тиген
жанның бірі едім,
Жазықсыздан жазықсыз күйген
жанның бірі едім.
«Айыпты» боп күй кешіп,
«ұлтшыл» болып жүр едім,
Ақ болсам да, ақталу енді
менің тілегім.*

ЗИМАНОВ



Фото: syrboy.kz

*Уақыт деген емші ғой өзі
ақтап алатын,
Тағдырының таңдаған жолына
әкеп салатын.
Сол жолымды көп іздеп аршап-
шаршап ақыры,
Қол жеткіздім жағдайға өз
орнымды табатын.*

*Туған елім, бейшара елім, өз елім,
Қасіретті жүрегіммен сеземін.
Болашағың, келешегің не болар,
Мұны ойласам өртенеді өзегім.*

*Сонда да мен басқа емеспін,
қазақпын,
Қорқытса да отыменен тозақтың.
Асықтырма, уақыт бар, төзім бер,
Шығарамын атын әлі қазақтың*

деп өзінің қайғы жұтқан көңілін, азаматтық үнін жасырып қала алмады. «Желтоқсанда бас көтерген жастарды, ұлттық рух, ар-намыс бастады. Ал оларды шын қолдаудың орнына, қан жосытып, қырып салып тастады» деп те жазды. Бұлай деген адамды кім аясын?!

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АТЫН ӨЗІ ҚОЙЫП ЕДІ

Өте зиялы, зияткер адам, ірі ғалым Көпжасар аға өмірінің соңғы он шақты жылында Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде еңбек етіп, Ұлттық тәрбие кафедрасын ашып, осы аттас арнайы пәнді оқу жоспарына ендіріп. Сол пәннің бір арнасы – бүгінгі ұрпақты тарих арқылы тәрбиелеп, сол тарихты жасаушы тұлғалар тағдырынан тағылым түйю, ой қорыту еді. Өзінің

деуге болады. Ол мұндай кезде де ақынжандылығына салып:

*«ҚазМУ-імді дамытып,
жетілдіріп келемін,
ары қарай өсіріп,
өркендете беремін.
Қасиетті шаңырақ,
ұлағатты ұжымның,
болашағы бұдан да*

зор болар деп сенемін» деп асыптасыған көңілін бүкпесіз жырлады. Ағаның көп күш жұмсауының арқасында оқу орны әл-Фараби есімін иеленіп, оған өзін-өзі басқаратын автономиялық мәртебе берілді.



Фото: kaznpu.kz

жұмыс істеді. Қайсыбір күні университеттің Жаратылыс тану және география институтының ұжымы кездесуге шақырып,

ЖАҚСЫ КӨРІП ЕДІ



Фото: tengrinews.kz

тікелей жетекшілігімен «Тұлғаға тағзым», «Ұлы дала тұлғалары» анықтамалық көрсеткіші жарық көрді. Өмірден озған соң «Ұлы дала тұлғалары» атты бірнеше томды құрайтын еңбектің тұсаукесеріне қатысып сөз сөйлеп, ағаны еміреніп еске алдық. Көпжасар аға КазГУ-ді басқарған жылдары қара шаңырақ қайта бір өрлеу дәуірін бастан кешті

«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ДЕГЕН ОСЫ»

Бұл бір ерекше қазақ еді. Жүзінен мейірім, шапқат шашырап тұратын. Қайсыбір жылы (15 жыл бұрын) «Алматы ақшамына» телефон шалғандағы даусы әлі құлағымда. «Қали қарағым, сендердің мына «Тұлғатану», «Тұлға-тағдыр» атты рубрикаларыңның аясында көп дүние оқып жатырмын. Бұл сауабы мол іс. Елге қызмет ету деген осы. Бізде сондай орталық ашып, жұмыс бастадық» деп еді. Мәдениеті зор адам ғой. «Тұлғатануды» осылай ортақ мақсатқа өте ұтымды пайдаланып, іргелі жұмыстар жасады. Пікірлесетін, тіпті оның соңы ұзақ әңгімеге ұласатын күндер де аз болмады. Бұдан кейін «Тұлғатану» деген орталықтар, хабарлар т.т әр жерде ашылып жатты. Бірақ Көпжасар ағаның «Тұлғатануының» мазмұн-мағынасы атына заты сай болып, көшілгері

Ш.Мұртазаның 90 жылдығына орай дәріс оқыдым. Баспасөздегі тұлғалар туралы айта келе, дәрісті толайым Шераға арнадым. Өте мағыналы, мазмұнды кездесу болды. Көпжасар ағаны есіме алдым. Кезінде осындай бір жиын өткізу жөнінде де сөз болып еді. Сәті түскен күн осы болды. Әрине, ағаға деген елдің, ғылыми ортаның құрметі өз алдына ғой. Ол кісіні қазақ ғылымының патриархы Салық Зиманов өте жақсы көрді. Ағаның бір қуанышында Салық аға сол тұстағы ректорлардың алдында ол кісіні эталон ретінде атап, теңіздей тебіреніп, көлдей толқып сөйлеп бәрімізді қайран қалдырып еді. Бір-бірінің қадірін біліп өткен, ақылы асып туған ағалар-ай!



Қали СӨРСЕНБАЙ, ҚАЛАМҒЕР

СӨЗТҮЗЕР



ЖЕЛСӨЗ

МЫСАЛ:

Жеңімпаз партия
қиянатқа жол
берсе – болашақ
айқындар, желсөз,
обал жасаса, оны
көрерміз.



Емле қатесінің
себебінен
мағыналық
мазмұнға нұқсан
келген. Жел
сөз тұрақты сөз
тіркесіне жатады.
Бір сұраққа
жауап беріп
тұрғандықтан,
тұрақты тіркес
сыңарлары
біріктіріліп
жазылған.
Қазақ тілі емле
ережесінде
фразеологиялық
тіркестердің әрбір
сыңары бөлек
жазылатыны анық
көрсетілген.

ДҰРЫСЫ: ...жел
сөз.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар
сөздігінен

Қазақстанда 30 ЖЫЛ



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап “Шеврон” прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда “Шеврон” Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



Бас редактор —
директор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)